

*«2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»
мәселе бойынша ҚРҰБ Төрағасы Ф.О. Пірматовтың
ҚР Парламенті Сенатының Пленарлық отырысында
жасаған баяндамасы
Нұр-Сұлтан қ., 2022 жыл, 5 мамыр*

Құрметті Мәулен Сағатханұлы!

Құрметті депутаттар!

Биыл макроэкономикалық ахуал **геосаяси** жағдайдың нашарлауы мен әлемдік қаржы, тауар нарықтарындағы **құбылмалылықтың** артуы аясында дамуда.

Геосаяси шиеленіс себебінен тауар **жеткізу** проблемалары күрделеніп, әлемде **инфляциялық қысым** күшейіп келеді.

Осыған байланысты **Халықаралық валюта қоры** жаһандық инфляцияның **жоғары** деңгейі алдыңғы болжаммен салыстырғанда ұзағырақ сақталады деп күтеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы (ҰАО) қадағалайтын **әлемдегі азық-түлік бағасы** индексі 1990 жылдан бастап ең жоғары көрсеткішке (**159,3** пунктке) жетті. Азық-түліктің әлемдік бағасы 2022 жылы да, 2023 жылы да **жоғары деңгейде** қалады деп күтілуде.

Азық-түлік, шикізат, жанар-жағар май, газ бағасының қымбаттауы аясында **Еуроодақ пен АҚШ-тағы инфляция** көп жылдық рекордты көрсетіп отыр, ал **Ресейде** инфляция **16,7%-ға** жетті.

Мұндай жағдайда **дамыған** елдер ақша-кредит талаптарын **күшейтеді**, бұл **дамушы** елдердің **валюталарына** қысым жасайды.

Осыған байланысты Қазақстан үшін **сыртқы инфляциялық жағдай қолайсыз** болып қалыптасуда.

Ішкі экономикадағы жағдай оң болып отыр. Биылғы 1-тоқсанда **жалпы ішкі өнімнің өсуі 4,4%-ға** бағаланды. Экономиканың **2021 жылы 4%-ға** артып, **пандемияға дейінгі** деңгейге оралғанын атап өткен жөн. 2022 жылғы наурызда **тауар айналымының өсуі жылдық мәнде 3,7%-ға** дейін жеделдеді.

Қазақстанда **тұтыну көлемінің өсуі инфляцияға қысым** көрсетіп отыр. Инфляция осы жылғы **сәуірде 13,2%-ға** дейін жеделдеді.

Азық-түлік тауарларының бағасы ең көп өсіп, 17,9%-ға артты. **Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуі 11,1%-ға, ақылы қызметтер бағасының өсуі 8,9%-ға** дейін жеделдеді.

Проинфляциялық қысымның өсуі аясында Ұлттық Банк **дезинфляциялық** ақша-кредит саясатын жүргізіп келеді.

2022 жылғы **24 ақпанда** Ұлттық Банк **геосаяси жағдайдың** нашарлауына байланысты қаржылық және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін базалық ставканы **13,5%-ға** дейін көтерді.

Базалық мөлшерлеме көтерілгеннен кейін ақпанда **халықтың теңгедегі салымдары бойынша Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры ұсынатын шекті ставкалар** да көтерілді.

Сонымен қоса, Үкіметпен бірлесіп жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттері бойынша республикалық бюджеттің қаражаты есебінен өтемақы төлеуді көздейтін **Теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасы** жарияланды.

Ұлттық Банк **25 сәуірде** экономиканың, ішкі және сыртқы сұраныстың оң серпіні кезінде жалғасып отырған **фискалдық** ынталандыру аясында, сонымен қатар **әлемдегі** және Қазақстанның сауда әріптес елдеріндегі **бағаның** өсуі аясында **инфляциялық қысымның** және **инфляциялық күтулердің** артуы жағдайында базалық ставканы **14%-ға** дейін көтерді.

Инфляцияға қарсы саясатты күшейту үшін Үкімет Ұлттық Банкпен бірлесіп биылғы **ақпаннан** бастап 2022-2024 жылдарға арналған **Инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі** жаңартылған **шаралар кешенін** іске асыруда.

Ұлттық Банк теңге **бағамының** күрт өзгеруін және оның **инфляцияға** әсерін шектеу шараларын қабылдауда. Кей күндері **валюталық интервенциялар** да жүргізді. Бұл туралы ақпарат жедел түрде **жарияланды**.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валютаны сату көлемін ұлғайту мақсатында олардың жалпы валюталық түсімінің **міндетті сату** мөлшері **50%-дан 75%-ға** дейін ұлғайтылды.

Ұлттық валютаның **орнықтылығын** қамтамасыз ету, капиталды **шығаруға** жол бермеу және **алыпсатарлық** сұранысты төмендету үшін бірінші кезектегі **дағдарысқа** қарсы **шаралар** аясында **трансшекаралық қаржы**

операцияларын бақылау шаралары күшейтілді, валюта мен алтынды **әкетуге** шектеу қойылды.

Қолма-қол шетел валютасының ішкі нарықтағы жағдайды қалыпқа келтіру шаралары қабылданды. Халықтың сұранысын қанағаттандыру үшін қолма-қол шетел валютасы жеткілікті мөлшерде **әкелінді**.

Қабылданған шараларға байланысты ішкі валюта нарығындағы жағдай **тұрақталып келеді**.

Геосаяси жағдайдың нашарлауына байланысты жаһандық қаржы, тауар нарықтарында бұрын-соңды болмаған өзгерістер аясында **теңгенің бағамы** биылғы **15 наурызда** ең жоғары – **512,17** теңгеге дейін әлсіреп, сәуірдің қорытындысы бойынша **445,62** теңгеге дейін нығайды.

Қазіргі уақытта сұраныс пен ұсыныс **теңесіп** тұр.

* * *

Құрметті депутаттар!

Ұлттық Банк **баға тұрақтылығын** қамтамасыз ете отырып, **ақша-кредит саясатын** іске асыруды жалғастырады.

Геосаяси шиеленіс аясында Ұлттық Банк **жағдайдың дамуын**, оның **нарықтарға** ықпалын қадағалап отыр және **Ресейге қарсы санкциялардың** Қазақстанның **қаржы жүйесіне әсер ету** дәрежесін күнделікті бағалайды. Ұлттық Банк **қаржылық тұрақтылықты** қолдау үшін уақытылы шаралар қабылдауды жалғастырады.

Назарларыңызға рақмет!